

А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Сыңғырла алғашқы қоңырау!»



Мақсаты: Білім күні туралы оқушылардың білімін толықтыру. Оқушылардың өз отанын сүйуге, шыншылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Өткізілген уақыты: 2. 09. 2020 жыл

2020-2021 оқу жылының 2 - қыркүйек күні мектебімізде «Сыңғырла алғашқы қоңырау!» тақырыбында салтанатты ашық тәрбие сағаттары өтті. Ашық тәрбие сағаттарына 103 алғаш мектеп табалдырығын аттаған, 1- класс бүлдіршіндері қатысты.

Ашық тәрбие сағатына класс жетекшілері оушыларымен танысып, Ұлы ақын Абай Құнанбаев пен ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың өмір жолы туралы оқушыларға түсінік берді.

Ашық тәрбие сағаттарына 1- класс бүлдіршіндері белсене қатысып, тәрбие сағаты өз масатына жетті.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Біздің тату отбасы!»

Мақсаты: Балаларға өзінің жанұясын, оның бірлігі мен татулығын, жақын адамдардың қарым-қатынасын көркем өнер құралдары арқылы көрсетуге мүмкіндік беру.

Өткізілген уақыты: 15. 09. 2020 жыл

15 - қыркүйек күні мектебімізде онлайн форматында «Біздің тату отбасы!» тәрбие іс-шарасы ұйымдастырылып, өткізілді. Жоспар бойынша 2-7 класс оқушыларына ZooM платформасында ашық тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушылар арасында сурет байқауы өтті.

Ашық тәрбие сағатында мектеп оқушыларына отбасы құндылығы, ата-ананың отбасындағы рөлі, бала тәрбиесі, ата-ана беделі туралы түсініктер беріліп, «Отбасы- тәрбиенің тал бесігі» тақырыбында видеоролик көрсетіліп, оқушыларға насихатталды.

«Біздің тату отбасы!» тәрбие іс-шарасына 2-7 класс оқушылары белсене қатысып, шара өз мақсатына жетті.

А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Қарттарым асыл - қазынам!»

Мақсаты: Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге баулу


Өткізілген уақыты: 1. 10. 2020 жыл

Мектебімізде қазан айының 1 күні «Қарттарым асыл азынам!» тақырыбында 1 және 8 класстар аралығында құттықтау, фото суреттер шарасы өтті. Бұл шарада оқушылар өздерінің ата-әжелеріне құттықтау тілектерін арнап, бірге түскен фото суреттерінен коллаж жасады. Балалар белсене қатысып, ата-әжелеріне деген құрметтерін көрсетті.

Қатысқан оқушы саны:

1. 1 кластардан 20 оқушы
2. 2 кластардан 32 оқушы
3. 3 кластардан 40 оқушы
4. 4 кластардан 16 оқушы
5. 5 кластардан 10 оқушы
6. 6 кластардан 5 оқушы
7. 7 кластардан 5 оқушы
8. 8 кластардан 4 оқушы

Барлығы: 132 оқушы қамтылды



Менің атам мен әжем



Мұрат Аружан



Рақымберген Жұлдыз

Менің атам мен әжем



Тілеміс Айзере



Боран Мірас

А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Мұғалім болу-қасиетті іс!»

Мақсаты: Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу

Өткізілген уақыты: 5. 10. 2020 жыл

Қазан айының 1 аптасы мұғалімдер күніне орай, мектебімізде 1 және 11 класс оқушылары ұстаздарына арнап құттықтау тілектерін, құттықтау видеоларын арнады.

Бұл шараға оқушылар белсенділікпен қатысты. Оқушылар жарыса өздерінің ұстаздарын құттықтап, ұстаздарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қатысқан оқушы саны: 53

Барлығы: 90 адам қамтылды.

А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Алтын күз» және «Күз аруы» іс-шарасы.

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, табиғатты сүйеге тәрбиелеу.

Өткізілген уақыты: 12. 10. 2020 жыл

1-4, 5-8 класс қыздары арасында «Алтын Күз» және «Күз Аруы» байқауы ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл байқауға әр кластан тек 1-оқушы қатысты. Ең алдымен жоспар құрылып, әділ-қазылар алқасы сайланып, байқау онлайн форматында өтті.

Байқау ІІІ – турдан тұрды:

I – тур: Таныстыру

II – тур: Өнер сайысы (өз шығармашылықтары бойынша қолөнер бұйымдары немесе күзгі дақылдардан бейне жасау)

III – тур: Мерекелік дастархан мәзірі (салат дайындау)

Әр тур бейнеролик арқылы қабылданды, бейнероликтің ұзақтығы 2-3 минут.

Байқау қорытындысы бойынша:

1. «Алтын Күз» және «Күз Аруы» байқауында Бас Жүлдені иеленген 3 «В» класс оқушысы Ғалел Мерей
2. Жүлделі I – орынға ие болған 2 «А» класс оқушысы Сакен Мадина
3. Жүлделі II – орындарға ие болған 4 «А» класс оқушысы Болат Ақжүніс және 3 «Б» класс оқушысы Берік Айым
4. Жүлделі III – орындарға ие болған 2 «В» класс оқушысы Таңатарова Әсемай, 5 «Ә» класс оқушысы Тәжен Нұрасыл және 1 «Ә» класс оқушысы Жаңабай Зере марапатталды.

Ал номинациялар бойынша:

5. «Алтын Күз және Күз Аруы» байқауына белсене қатысқаны үшін «Ең аспазшы ару» атанған 5 «А» класс оқушысы Ақбай Раушан.
6. «Ең шебер ару» атанған 1 «Б» класс оқушысы Дидарқызы Дария
7. «Ең талантты ару» атанған 1 «В» класс оқушысы Суюндыкова Назерке
8. «Ең өнерпаз ару» атанған 4 «Б» класс оқушысы Сейтова Айлана
9. «Ең өнегелі ару» атанған 3 «Г» класс оқушысы Медетова Көркем

10. «Ең инабатты ару» атанған 6 «А» класс оқушысы Бекеева Жуманур марапатталды.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Мектебiмдi сағындым!»

Мақсаты: Оқушылардың қабiлеттерiн шыңдап, шығармашылық шабыт сыйлау.

Өткiзiлген уақыты: 19. 10. 2020 жыл

Мектебiмiзде 3-4 класс оқушылары арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 19 – оқушы қатысты. Әдiл – қазы мүшелерi байқау тақырыбына сәйкес келетiн жұмыстарды таңдап алды. Әдiл – қазылар алқалары жұмыстардың дағдысын, айқындылығын және аяқталуын бағалай отырып, кәсiби қорытынды берiп, жалпы берген дауыстары бойынша жүлделi I, II, III орындарға 5 жұмыстар iрiктелдi.



Байқау қортыныдысы бойынша:

Жүлделi I орынға ие болған 3 «B» класс оқушысы Беркумбай Нуржiгiт;

Жүлделi II орындарға ие болған 3 «B» класс оқушысы Дәулетияр Рамазан және 3 «Ә» класс оқушысы Рамазан Жансая;

Жүлделi III орындарға ие болған 4 «A» класс оқушысы Ерназар Уәлиахмед және 4 «Ә» класс оқушысы Жәрдем Аружан марапатталды.





А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Uphomoment» челендж.

Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдер арасында экомәдениетті қалыптастыру.

Өткізілген уақыты: 22. 10. 2020 жыл

5-8 класс оқушылары арасында онлайн форматында «Uphomoment» тақырыбында челенджі ұйымдастырылып, өтті. Оқушылар белсенділікпен қатысты. Бұл челенджге оқушылар тазалық яғни жерде жатқан қоқыс қалдығын, қоқыс контейнеріне жеткізу болды. 5-8 класс оқушылары арасында ұйымдастырылған байқауға 15-оқушы қатысты.

Осы байқауда видео челенджі үздік деп танылған 7 «В» класс оқушысы Сағындық Ержан АЛҒЫС ХАТПЕН марапатталды.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Таза Әлем!» плакаттар байқауы

Мақсаты: Оқушылардың қоршаған ортаның өзекті мәселелеріне назар аудару.

Өткізілген уақыты: 26. 10. 2020 жыл

8-10 класс оқушылары арасында «Таза Әлем!» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.


Байқауға 5 – оқушы қатысты. Оқушылардың тақырып бойынша салған А3 – А4 форматындағы сурет жұмыстары жақсы, өте жақсы деп бағаланды. Әділ-қазылар алқасының шешімімен жүлделі I, II, III орындар бойынша жұмыстар іріктелді.

Байқау қорытындысы бойынша:

Жүлделі I орынға ие болған 8 «А» класс оқушысы Танашикаова Аяулым;

Жүлделі II орынға ие болған 9 «Ә» класс оқушысы Ургеншбаева Назира;

Жүлделі III орынға ие болған 10 «Б» класс оқушысы Жанабаева Камила және 8 «В» класс оқушысы Муханова Айдана марапатталды.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Біз біргеміз!» акциясы.

Мақсаты: Тазалыққа, ұқыптылыққа, денсаулығын күтуге тәрбиелеу. Өз ауламызды, қаламызды таза ұстауға тәрбиелеу.

Өткізілген уақыты: 27-31. 10. 2020 жыл

Бастауыш класс оқушылары арасында отбасылық «Біз біргеміз!» акциясы аясында Біз тазалықты қолдаймыз атты челендж ұйымдастырылды. 1-4 класс оқушылары мен отбасы ата-аналары мен бірге өткен челенджге 16-отбасы мен оқушылары қатысты.

Видеоролик арқылы өз ауласына тазалық жұмыстарын жасап, бір-бірлеріне класс-класс арқылы жолдады. Ата-аналар мен оқушылардан құралған отбасылар осы ұйымдастырылған челенджге белсенділікпен қатысты.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Спид – ғасыр індеті!» (қабырға газеті).

Мақсаты: Оқушылардың жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеу.

Өткізілген уақыты: 02. 11. 2020 жыл

Мектеп медбикесі М. Базарбаева, мектеп оқушыларына ZOOM платформасы арқылы «СПИД- ҒАСЫР ІНДЕТІ!» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кері байланыс ретінде оқушылар сұрақтарын қойып, жауаптарын алды.

Қабырға газетін жасауда бастауыш сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. А3 – А4 форматында тақырып бойынша оқушылар сурет салып, қылқалам - гуашпен бояды.

«Спид – ғасыр індеті!» тақырыбында ұйымдастырылған қабырға газетін жасауға 15 бастауыш класс оқушылары белсенділікпен қатысты.

СПИД ҒАСЫР ІНДЕТІ



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Өрт қауіпсіздігі»

Мақсаты: балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру.


Өткізілген уақыты: 07 - 11. 11.2020 жыл

Апталық аясында жоспар құрылып, жоспар бойынша 1-11 класс оқушыларына тақырып бойынша сурет салу, класс жетекшілер ZOOM - WhatsApp желілері арқылы балаларға түсіндірме жұмыстары жүргізіп, «Өрт қауіпсіздігінің» 9-ережелерін түсіндіріп, насихаттады. Қатысқан бала саны: 1027.

«Өрт тілсіз-жау!» тақырыбында сурет жұмыстары



Класс жетекшілердің оқушыларға жүргізілген түсіндірме жұмыстары



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Абай дана, Абай дара қазақта» ұлы ақынның туғанына 150-жыл!

Мақсаты: Ұлы ақынның шығармашылығын жас ұрпақтың жүрегіне терең бойлатып, Абайдың жұмбақ әлемінің тылсым сырларына үңілту. Ғұлама Абай мұрасын, өлеңдерін, философиялық ой толғауларын насихаттау.

Өткізілген уақыты: 09. 11. 2020 жыл

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына орай «Абай дана, Абай дара қазақта» тақырыбында 2-8 класс оқушыларының арасында мектепшілік онлайн байқау ұйымдастырылды. Әр кластан тек 1 – оқушы қатысты және әр номинация видеоролик арқылы қабылданды.

Байқаудың өткізілу тәртібі бойынша:

1. 2 – класстар «Ұлы ақынның жыл мезгіл» өлеңдерін мәнерлеп оқу номинациясы;
2. 3 – класстар «Ұлы ақынның портретін салу» номинациясы;
3. 4 – класстар оқушылар шығармашылығы «Абай ата» жайлы өлеңдерін немесе арнауларын мәнерлеп оқу номинациясы;
4. 5 – 6 класстар «Ұлы ақынның оқу, білім, ғылымға байланысты өлеңдерін мәнерлеп оқу номинациясы;
5. 7 – 8 класстар «Абайдың тілі, Абайдың үні» атты тақырыпта шығармалар жазу номинациясы.

Байқау нәтижелері бойынша:

1. 2 – класс «Ұлы ақынның жыл мезгіл» өлеңдерін мәнерлеп оқу номинациясы бойынша:
Бас Жүлдеге ие болған 2 «В» класс оқушысы Таңатарова Әсемай
Жүлделі I орынға ие болған 2 «Б» класс оқушысы Бақытжан Нұрайым
Жүлделі II орынға ие болған 2 «А» класс оқушысы Болат Жақсығали
Жүлделі III орынға ие болған 2 «Ә» класс оқушысы Бекжан Рустам
марапатталды.
2. 3 – класс «Ұлы ақынның портретін салу» номинациясы бойынша:
Бас Жүлдеге ие болған 3 «В» класс оқушысы Батырбек Аян
Жүлделі I орынға ие болған 3 «Б» класс оқушысы Талғатқызы Жұпар
Жүлделі II орынға ие болған 3 «Ә» класс оқушысы Әден Нұрайым
Жүлделі III орынға ие болған 3 «А» класс оқушысы Әбибулла Қарақат
марапатталды.

3. 4 – класс «Абай атаға арнау!» номинациясы бойынша Жүлделі І орынға ие болған 4 «Б» класс оқушысы Серікқызы Айша марапатталды.

4. 5 – 6 класстар «Ұлы ақынның оқу, білім, ғылымға байланысты өлеңдерін мәнерлеп оқу номинациясы бойынша:

Бас Жүлдеге ие болған 5 «Б» класс оқушылары Айжанов Айбар және Айжанов Айдар

Жүлделі І орынға ие болған 6 «Б» класс оқушысы Таханова Нұрай

Жүлделі II орынға ие болған 6 «В» класс оқушысы Сайлаубай Әділсері марапатталды.

5. 7 – 8 класстар «Абайдың тілі, Абайдың үні» атты тақырыпта шығармалар жазу номинациясы:

Жүлделі І орынға ие болған 8 «В » класс оқушысы Бегежанова Аяна

Жүлделі II орынға ие болған 8 «Б» класс оқушысы Бақытжанова Гүлдана марапатталды.

Бұл байқауға барлығы 15-оқушы қатысып, Дипломдармен марапатталды.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ!»

Мақсаты: Балаларды қатыгездік пен немқұрайлылықпен қарау проблемасына қоғамның назарын аудару және қоғамда балаға зорлық-зомбылық қолайсыз болып, жасына, даму деңгейіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әр адамның өмірі мен әл-ауқаты жоғары болатын сенімдерді қалыптастыру.

Өткізілген уақыты: 24 - 26. 11. 2020 жыл

Мектебімізде «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ!» тақырыбында жоспар құрылып, тәрбие іс-шаралар ұйымдастырылды. «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» тақырыбында бастауыш класс оқушылары сурет салды. «Зорлық-зомбылықсыз болашақ!» тақырыбында 8-11 класс оқушыларына ZOOM платформасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді және мектеп психологтары «Сіз қорғалуға құқылысыз!» тақырыбында ZOOM платформасында мектеп оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сауалнама – психологиялық қолдау жұмыстарын жасады.

«Ел боламын десең – бесігіңді түзе!» тақырыбында класс жетекшілер 1-11 класс оқушыларына ашық тәрбие сағаттарын өткізіп, аталған іс-шараға барлығы 56 оқушы қатысты.

А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Елін сүйген-Елі сүйген Елбасы» Тұңғыш Президент күні.

Мақсаты: Оқушылардың бойында Елбасына деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін қалыптасытыру.

Өткізілген уақыты: 03. 12. 2020 жыл

Тұңғыш Елбасы күні мерекесіне орай тәрбие іс-шарасы бойынша ең алдымен жоспар құрылды. Жоспар бойынша бастауыш сынып оқушылары «Елін сүйген - Елі сүйген Елбасы» тақырыбында шығармалар жазды. 7-11 класс оқушылары «Еліне сүйікті Елбасы!» тақырыбында құттықтауларын, Елбасына деген арнауларын видеоролик арқылы жеткізді. Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Елбасы - ел тірегі!» тақырыбында көрме, библиографиялық шолу өткізді.

Класс жетекшілерінің өткізуімен 1-11 класс оқушыларына ZOOM платформасында «Ел ертеңін ойлаған – Елбасы!» тақырыбында тәрбие сағаты мен «Тәуелсіздіктің 7 - қыры» деректі фильмін талқылап өткізді. Мектеп оқушылары жоғары белсенділікпен қатысты.

Жас Ұландар және мектеп Ұланбасы 8 «А» класс оқушысы Садықова Гауһар Рақымжанқызы Елбасы фотосуреттерінен коллаж – қабырға газеттерін жасады.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым!» Тәуелсіздік күні.

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап және ғылыми ізденіске құлшыныстарын арттыра отырып, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Өткізілген уақыты: 07 - 14. 12. 2020 жыл

16 – желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай мектебімізде жоспар құрылып, тәрбие іс-шаралары ұйымдастырылды.

«Менің елім – менің болашағым» 5 – класс оқушылары арасында сурет байқауы, «Алтын күн аспаны» мемлекеттік әнұранды каллиграфия, әсемдеп А4 парағына жазу 7 - 8 класс оқушылары арасында және «Елім менің» тақырыбында мектеп оқушылары арасында мәнерлеп оқу және патриоттық әндер байқауы мен «Менің Қазақстаным» тақырыбында 9 -класс оқушылары арасында қылқалам жұмыстары-сырлы суреттер жұмыстары өткізілді.

10 – класс оқушылары арасында «Тәуелсіздік тағылымы» тақырыбында шығармалар, эссе, өлеңдер және 11 – класс оқушылары арасында зерттеу жұмыстары, рефераттар, тарихи деректер, Қазақстан тарихына байланысты ғылыми жобалар жұмыстары ұйымдастырылып, өтті.

Байқауға барлық класс оқушылары жоғары белсенділікпен 62 – оқушы қатысты.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы:. «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны.

Өткізілген уақыты: 14. 12. 2020 жыл

Мектебімізде 16 – желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай Аға тәлімгер Г. Құлшаеваның ұйымдастырумен «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны өткізілді.

Салтанатты жиында ең алдымен Әнұран шырқалып, «Тәуелсіздік, Жас Қыран және Жас Ұлан» ұйымы бойынша түсініктер берілді. Жиынның ең жауапты сәті Ант тапсыру рәсімі яғни «Жас Қыранға» қабылданушы 2 – класс оқушылары салтанатты түрде Ант берді.

«Жас Қыран» төсбелгісін табыстау, мектебіміздің «Ұлан Басы» 8 «А» класс оқушысы Садықова Гаухар Рақымжанқызына міндеттелді. Жиынның қорытынды бөлімі құттықтау сөз бен аяқталып, жиынға «Жас Қыранға» қабылданушы 93 оқушы қатысты.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: Ақиық ақын М. Мақатаевтың 90 - жылдық мерейтойына орай «Поэзия, менімен егіз бе едің...» атты аналарға арналған мәнерлеп оқу байқауы.

Өткізілген уақыты: 2-5. 02. 2021 жыл



Мақсаты: Адам өміріндегі туған жерге, ата-анаға, балаға, табиғатқа деген сүйіспеншілікті бағалай білу, құрметтеу. Ақынның шығармаларын оқыту арқылы ананы баласына үлгі ету.

Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруы мен өткен байқау Zoom платформасы арқылы өткізілді. Ақиық ақынның 90 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған байқау аналар арасында өтті және мектебіміздің 7-ана қатысты. Мәнерлеп оқу барысында музыкалық сүйемелдеу, арнайы костюм, декорацияны аналар қолдана білді.

Мәнерлеп оқу байқауына 7 - ана қатысып, 2 - ана Жүлделі I, II орындармен марапатталды.

Жүлделі I орынға ие болған 7 - б класының анасы Мустафина Алтынгүл «Елім барда» өлеңімен марапатталды.

Жүлделі II орынға ие болған 4 - б класының анасы Бекжанова Жадыра марапатталды.



I орындар

2/4

№	Қатысушының аты-жөні	таңдан алынған шығарманың өлшегі ерекшелігі	сөйлеу мәнері мен аяқастығы (логикалық өкпін, дауыс ырғағы)	мәтінің бейнелік жүйесі мен мазмұндық құрылымын терең сезіну;	шығарма мен музыкалық сүйемелдеуін, костюм мен декорация үйлесуі	Ақсерілік шеберлігі	
1	Жұмағалина Гүлбану (12 ОМ)	10	10	10	10	10	I орын
2	Мустафина Алтынгүл (39 мектеп)	10	10	10	10	10	I орын
3	Боранбаева Аліппр (41 МГ)	10	10	10	10	10	I орын
4	Жалтықбаева Дәріят (62 ОМ)	10	10	10	10	10	I орын
5	Нилсаева Венера (73 ОМ)	10	10	10	10	10	I орын
6	Сейтбаева Жансая (41 МГ)	10	10	10	10	10	I орын
7	Кереева Нилдра (73 ОМ)	10	10	10	10	10	I орын
8	Жанбаева Нұрсәуле (6 ОМ)	10	10	10	10	10	I орын
9	Нилсаева Гүлжан (18 ОМ)	10	10	10	10	10	I орын
10	Серіпбайқы Назерке (18 ОМ)	10	10	10	10	10	I орын
11	Жанбаева Гүлдана №51	9	10	10	10	10	I орын
12	Елшібай Райгула №13	10	10	10	10	10	I орын
13	Мусирова Гүлбану №28	9	10	10	10	10	I орын
14	Смағұлова Марал Канатовна №60 ОМ	9	10	10	10	10	I орын

II орындар

№	Қатысушының аты-жөні	таңдан алынған шығарманың өлшегі ерекшелігі	сөйлеу мәнері мен аяқастығы (логикалық өкпін, дауыс ырғағы)	мәтінің бейнелік жүйесі мен мазмұндық құрылымын терең сезіну;	шығарма мен музыкалық сүйемелдеуін, костюм мен декорация үйлесуі	Ақсерілік шеберлігі	
1	Өкпирхоминова Гүлсім (26 ОМ)	9	10	10	8	10	II орын
2	Медетбаева Күнсиза (41 ОМ)	10	10	9	9	9	II орын
3	Ғабдылова Қоңшат	9	10	9	9	10	II орын
4	Жайылмова Ақерке	9	10	10	8	10	II орын
5	Құрбатарова Гүлбайым (№2МГ)	10	10	9	9	9	II орын
6	Құлова Дәмелтен (77 ОМ)	9	10	9	9	10	II орын
7	Обалек Ақпир	9	10	10	8	10	II орын
8	Айымқалы Назерке	10	10	9	9	9	II орын
9	Сатаева Гүлжан	10	10	10	9	10	II орын
10	Бекжанова Жалыра Амангәліева №39 ОМ	10	9	9	9	10	II орын

А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы:. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Мемлекеттік рәміздерге арналған тақырыптар бойынша өткізілген іс – шаралар.

Өткізілген уақыты: 1-15. 02. 2021 жыл

Мақсаты: Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Тақырыпқа сай алдымен жоспар құрылып, жоспар бойынша тәрбие іс – шаралары өткізілді. «Мемлекеттік рәміздерді құрметтейміз!» тақырыбында 1-11 класс оқушыларына ZOOM платформасында және офлайн түрінде ашық тәрбие сағаттары өтті.




«Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы» тақырыбында 1-11 класс оқушылары арасында шығармашылық жұмыстар (сурет салу, қолөнер жұмыстары) ұйымдастырылды.



Мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен «Ел рәміздері – ел рухы!» тақырыбында 1-5 класс оқушылары арасында Кітап көрмесі өтті.



08. 02. 2021 күні Аға тәлімгер Гүлдана Тасқынбайқызының ұйымдастыруымен 6-7 класс оқушылары арасында ZOOM платформасында «Еліміздің рәміздерін қастерлейік» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.



1-11 класс оқушыларына класс жетекшілері жіберлген сілтеме арқылы «Мен елімнің Рәміздерін қорғаймын!» тақырыбында видеороликті класс оқушыларына көрсетіп, кең тұрғыда насихаттап, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар белсенділікпен қатысты және оқушылардың шығармашылық жұмыстары бойынша Жүлделі I, II, III орындар бойынша Дипломдармен марапатталды.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «MISTER & MISS - 2021»

Өткізілген уақыты: 18. 02. 2021 жыл

Мектебімізде 1-2 класс оқушылары арасында және онлайн форматында «MISTER & MISS - 2021» байқауы өтті.

Жобаға қатысу үшін:

1. Әдемі сурет;
2. Өзін – өздері таныстыру;
3. Кез – келген өнер (ән, би, тамақ жасау, өлең, оқу, спорт, аспапта ойнау және т.б)

Мектебіміздің 1-2 класс оқушыларынан 1 – жұптан шығып белсенділікпен қатысы. Үздік танылған 1 «Ә» класс оқушылары Қанатбаев Азиз бен Кенжегулова Райиан марапатталды.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Ұстаздарға мың Алғыс!»

Өткізілген уақыты: 01. 03. 2021 жыл

39 ҚОЖББ мектебінде 9 – класс оқушылары мен Жас Ұландардың ұйымдастыруымен көктемнің алғашқы 1 – наурыз күні «Ұстаздарға мың Алғыс!» тақырыбында мерекелік құттықтаулар өткізілді. 9 – класс оқушылар ер балдары қолдарына жүрекше шарларымен ұстаздарды құттықтаса, қыз балалар жүрекше түрдегі үлестірме тілектерін құттықтап таратты.



1 және 11 класс оқушыларына класс жетекшілерінің ұйымдастырумен «Алғыс айтудың шексіздігі» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.

